# ЭЛЕКТРОНДЫҚ КАТАЛОГТАН ӘДЕБИЕТТІ ІЗДЕУ

Электрондық каталог – бұл кітапхана қорының құрамы мен мазмұнын ашатын және библиографиялық жазбаларды қамтитын орталықтандырылған кітапхана жүйесі.

С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ ғылыми кітапханасының электрондық каталогы кітапхана сайтында тәулік бойы жұмыс істейді (жоғарғы мәзірде):

Электрондық каталогтың көмегімен:

1. кітапхана қорында кітаптың бар екендігін анықтауға;
2. басылымның орналасқан орнын анықтауға;
3. қанша дана екендігін білуге;
4. тақырыптық тізімдер жасауға болады.

## ІЗДЕУ:

Іздеу кілт сөздер бойынша жүзеге асырылады. Іздеу жолдарын толтыру реті маңызды емес. Үлкен және кіші әріптер бірдей қабылданады. Бір өрісте бірнеше сөз көрсетілуі мүмкін. Іздеу жүргізу үшін кем дегенде бір өрісті толтыру керек!

Сұранысты қалыптастыру үшін бір немесе бірнеше іздеу жолдарын пайдалануға болады:

1. **Автор** – шығарма авторының тегі;
2. **Заглавие** – кітаптың немесе кітап мазмұнындағы тараудың атауы;
3. **Ключевые слова** – кілт сөздер, тақырып;
4. **Год издания -** жарияланған жылы;
5. **Электронная версия** – электрондық нұсқаның болуы.




Сондай-ақ, іздеу нәтижесін көрсету форматын реттеуге және іздеу нәтижелерін сақтауға немесе басып шығаруға болады.

## ІЗДЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ:

1. **Библиографическая запись** (Библиографиялық жазба) – библиографиялық жазба тақырыпты, индекстеу шарттарын (жіктеу нөмірлері, пәндік рубрикалар мен кілт сөздер), сөре шифрын және т.б. ақпараттарды қамтиды.




2. **Экземпляры и бронирование** (Даналар және брондар) – кітапхананың қай бөлімінде бар екенін білуге болады.


Библиографическая запись | Экземпляры и бронирование | Электронные версии

| Место выдачи | Экз. | Свободно |
|---|---|---|
| Справочно-библиографический отдел | 1 | 1 |
| Читальный зал | 2 | 2 |
| Абонемент учебной литературы | 22 | 18 |
| Зооветеринарный факультет | 39 | 39 |

3. **Электронные версии** (Электрондық нұсқалар) – электронды нұсқасын көруге болады.




Қосымша сұрақтарыңыз болса, факультетіңіздің [пәндік кітапханашысына](#) хабарласуыңызды сұраймыз!